

№14 семинар сабағының тақырыбы: **Стандарттау және сертификаттаудағы нормативтік құқықтық аспектілер (2с)**

Сабақтың жоспары:

1. Сертификаттау туралы Заңы.
2. ҚР «Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы» Заңы

Сабақтың мақсаты: Студенттерге Стандарттау және сертификаттаудағы нормативтік құқықтық аспектілер жайында қысқаша мағлұмат беру.

Қысқаша теориялық мәліметтер:

1. ҚР Сертификаттау туралы Заңы

Сертификаттау туралы Заңы Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдеде бекітілген және 09.11.2004 жылы Қазақстан Республикасының «Техникалық реттеу» Заңы жарық көргеннен соң күшін жоғалытқан.

Бұл Заң Қазақстан Республикасындағы өнімдерді, сапа жүйелері мен өндірістерді, жұмыстар мен қызмет көрсетулерді сертификаттаудың құқықтық негіздерін белгілеген, сертификаттау саласындағы қатынастарды реттеген, сертификаттауға қатысушылардың құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін белгілеген.

Сертификаттау туралы Заңы 6 тараудан және 20 баптан тұрады.

Сертификаттау туралы Заңының тарауларына төмендегілер жатады:

1-тарау. Жалпы ережелер.

2-тарау. Сертификаттау саласындағы мемлекеттік реттеу мен басқару.

3-тарау. Сертификаттау саласындағы мемлекеттік бақылау және сертификатталған өнімдерге, процестерге, жұмыстарға және көрсетілген қызметтерге инспекциялық бақылау.

4-тарау. Сертификаттау жөніндегі жұмыстарды қаржыландыру.

5-тарау. Сертификаттау туралы заңдарды бұзғаны үшін жауаптылық.

6-тарау. Сертификаттау саласындағы даулар.

Сондай-ақ, сертификаттау туралы Заңы келесі мәселелерді қарастырады:

- Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар.
- Сертификаттау туралы заңдар.
- Сертификаттаудың мақсаттары.
- Сертификаттау жөніндегі жұмыстарды басқару.
- Мемлекеттік сертификаттау жүйесін ұйымдастыру.
- Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті органның сертификаттау саласындағы құқықтары мен міндеттері.
- Өнімді, процестерді, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді сертификаттау жөніндегі органдар.
- Сынақ лабораториялары (орталықтары).
- Сәйкестік сертификаты.
- Сәйкестік белгісі.
- Өнімді, процестерді, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді сертификаттаудың түрлері.
- Өнімнің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін талаптар.
- Сертификаттау жөніндегі нормативтік құжаттарға қойылатын талаптар.
- Сертификаттау саласындағы мемлекеттік бақылау және сертификатталған өнімдерге, процестерге, жұмыстарға және көрсетілген қызметтерге инспекциялық бақылау.
- Нормативтік құжаттардың міндетті талаптарының сақталуын және сертификатталған өнімнің сапасын мемлекеттік қадағалау.
- Сертификаттау жөніндегі органдардың және сынақ лабораторияларының (орталықтарының) қызметін мемлекеттік бақылау.

- Сертификаттау саласында мемлекеттік қадағалауды және сертификаттау жөніндегі органдар мен сынақ лабораторияларының орталықтарының) қызметін мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың құқықтары.
- Сертификатталған өнімдерді, процестерді, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді инспекциялық бақылау.
- Сертификаттау жөніндегі жұмыстарды қаржыландыру.
- Сертификаттау туралы заңдарды бұзғаны үшін жауаптылық.
- Қазақстан Республикасының сертификаттау туралы заңдарын бұзғаны үшін жауаптылық.
- Сертификаттау саласындағы даулар.

2. ҚР «Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы» Заңы

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2010 жылдың 4 мамырында бекітілді.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғайтын нормалар құқықтың әр түрлі салаларын қамтиды. Бұл нормативтік құқықтық актілер Конституциядан бастау алады. Өйткені, Конституцияның өзінде, біздің еліміздің ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылады деп көрсетілген. Сонымен бірге Конституцияда әркімнің тынығу, денсаулығын, тұрғын үйін заңсыз қол сұғушылықтан қорғау, білім алу және өзге де құқықтары бекітілген. Бұл құқықтарға кепілдік беріледі, өйткені қолданыстағы заңнамада тұтынушының өмірінің қауіпсіздігін, қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ететін тауарларға, жұмыстар мен қызметтерге қойылатын талаптар жүйесі, мем-лекетік білім беру және денсаулық сақтау жүйесі, сонымен бір-ге тауарларды, жұмыс пен қызметтерді бақылау және қадағалау бекітілген. Ал тұтынушылар құқықтарының бұзылуынан әкімшілік және қылмыстық құқықтық нормалар қорғайды.

Тұтынушыға қатысты қатынастарды реттеуде азаматтық заң шығармашылығы, атап айтқанда Азаматтық кодекс нормалары басты роль атқарады. Азаматтық кодекстің жалпы бөлімінде азаматтардың және ұйымдардың азаматтық айналымға қатысуының құқықтық негіздері, азаматтық-құқықтық шарттарды жасаудың негізгі талаптары анықталады.

Негізінен, тұтынушылардың құқықтарын қорғауға бағытталған заңнаманың құрамына Азаматтық кодекстен басқа әр түрлі дәрежедегі нормативтік құқықтық актілер енеді. Оларға 1991 жылғы 5 маусымда қабылданған «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заң, Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодекс, әрі өзге де заң актілері мен заңға тәуелді актілер жатады.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы ұлттық нормативтік базаның көлемі ауқымды болғанымен, олар әлі толығымен қалыптасып біткен жоқ, әрі қоғамдық қатынастар бір жерде тоқтап тұрмай өмірталасына сай үнемі дамып және өзгеріп отыратындықтан, нормативтік базаны да үнемі жетілдіріп отыру қажет.

Заң шығармашылығында, тұтынушылық қатынастарды реттей-тін нормативтік актілердің екі тобын бөліп қарастыруға болады.

Бірінші топқа тұтынушы тікелей қатысушы болып табылатын актілерді жатқызуға болады. Бұл топқа тұтынушының тауардың (жұмыс, қызмет) тиісті сапасына құқығын, олардың өмірге және денсаулыққа қауіпсіздігін орнататын актілер, сатып алу-сату, мердігерлік, тасымалдау және өзге де шарттарда көрініс алатын қатынастарды реттейтін, шарттарды орындамау немесе тиісті дәрежеде орындамау салдарын, тауарды дайындаушының не сатушының жауапкершілігін айқындайтын актілер жатады.

Екінші топқа өз қызметі шегінде тауарларға (жұмыстар, қызметтер) қатысты талаптарды анықтайтын және осы талаптардың сақталуын қадағалайтын мемлекеттік органдардың қызметін реттейтін актілер жатады. Оларға «Сақтандыру қызметі туралы», «Сертификаттау туралы», «Техникалық реттеу туралы», «Табиғи монополиялар туралы»

және өзге де көпетеген заңдар жатады, әрі олар тұтынушы үшін маңызды ережелерді орнатады.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың мемлекеттік жүйесін қалыптастыру және тұтынушылардың заңды мүдделерін қорғау бойынша жүргізілетін шараларды дамыту және жетілдіру мақсатында 1995 жылғы 22 маусымда Министрлер Кабинеті № 864 «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау бойынша жүргізілетін жұмыстардың белсенділігін арттыру туралы» Қаулы қабылдады. Осы қаулыға сәйкес тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселесі бойынша заң жобаларының және тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы қатынастарды реттейтін нор-мативтік құжаттардың тізімі бекітілді. Осы қаулы жергілікті әкімшілік басшыларына тұтынушылардың құқықтарын қорғауды күшейту мақсатында бөлшек сауда жүйесіндегі мемлекеттік кәсіпорын үшін алғашқы қажеттіліктегі азық-түлік және азық-түлікке жатпайтын тауарлардың міндетті тізімін бекіту құзыретін жүктеді. Аталған атқару органдары сауданың, қоғамдық тамақтану және халыққа қызмет көрсету саласындағы жекешелендірілген кәсіпорындарының «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау тура-лы» Заңына сәйкес жұмыс істеуін жүйелі түрде тексеріп отырды.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы нормалардың ішінде маңызды роль атқаратын «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңда, тұтынушылардың құқықтары мен оларды жүзеге асыру механизмі осы Заңмен және Қазақстан Республикасының осы заңға сәйкес шығарылған басқа да заң ак-тілерімен реттеледі деп көрсетілген.

Заңдар нормаларының кодекстердің нормаларымен алшақтығы болған жағдайларда олар кодекстерге тиісті өзгерістер енгізілгеннен кейін ғана қолданылуы мүмкін.

Бір деңгейдегі нормативтік құқықтық актілердің нормаларын-да қайшылықтар болған кезде қолданысқа кейінірек енгізілген актінің нормалары қолданылады.

Енді келесі маңызды мәселе, осы заңнаманы дұрыс түсіну, әрі қолдану үшін біз, тұтынушы деген кім екенін және оның басқа субъектілермен қатынасқа түсу жағдайын анықтап алуымыз керек. Заңға сәйкес тұтынушы - жеке өзі тұтыну немесе өзі жеке меншік шаруашылықта пайдалану мақсатында тауар сатып алатын және жұмыстар мен қызметтерді пайдаланатын азамат.

Аталмыш анықтамадан көріп отырғанымыздай тұтынушыға үш талап қойылады.

Оның біріншісі жеке өзі тұтыну және пайдалану мақсатында тауар сатып алу, яғни тауар пайда табумен байланысты емес жеке қажеттіліктер үшін алынуы тиіс. Сондықтан «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заң азаматтар арасындағы жеке тұрмыстық емес қажеттіліктерін қанағаттандыруға қатысты қатынастарды реттемейді. Толығырақ айтар болсақ, азаматтардың тауарды, жұмыс пен қызметті кәсіпкерлік қызмет үшін, яғни пайда табу мақсатында және негізгі қызмет қажеттіліктерін не өз жұмысшыларының әлеуметтік тұрмыстық қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында алуы осы Заңмен реттелетін қатынастар қатарына жатпайды.

Тұтынушыға қойылатын екінші талап - ол міндетті түрде жеке тұлға болуы тиіс. Ал заңнамаға сәйкес, жеке тұлғаға Қазақстан Республикасының азаматтары, шетел азаматтары, азаматтығы жоқ тұлғалар жатады, әрі Азаматтық кодекстің 3-бабының 7-тармағына сәйкес, шетелдік жеке тұлғалар, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдар азаматтық заңдарда Қазақстан Республикасының азамат- тары мен заңды тұлғалары үшін қандай құқықтар мен міндеттер көзделсе, нақ сондай құқықтарға ие болуға құқылы және сон-дай міндеттерді орындауға міндетті. Ал заңды тұлғалардың тау- ар алу кезіндегі бұзылған құқықтары жалпы заңнама нормалары арқылы қорғалады. Олардың мұндай бөлінуін заңды тұлғалардың мүдделері мамандармен (экономистер, заңгерлер және тағы басқалармен) қорғалатындығымен, ал тұтынушыға ешкім мұндай көмек көрсетпейтіндігімен түсіндіруге болады.

Заң бойынша қызмет пен тауарды алатын адам ғана емес, осы өнімді пайдаланатын адам да, сонымен бірге тауарды алуға ниет білдірген адам датұтынушы болып есептеледі.

Яғни, адам сатушы-дан тауарды көрсетуді және ол туралы ақпарат беруді өтінгеннен бастап тұтынушы болып есептеледі.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғайтын ұйымдардың болуы бүгінгі қоғамымызда өте маңызды және олардың осы салада алатын орны да зор. Өйткені кез келген тұтынушы, тіпті ол құқықтық жағынан сауатты болса да ұйымның моральдық қолдауынсыз өз құқығын қорғай отырып, сот тартысын бастай да, жеңе де алмайды.

Ал ұйым бір мақсатта үнемі жұмыс істейтіндіктен, ондағы адамдар тұтынушыларға қатысты барлық мәселелерді жақсы түсінеді, құқық қорғаушылық қызметте зор тәжірибе жинайды, олар үшін тиісті сараптаманы ұйымдастыру, өзі қойған талапты сотта дәлелдеу еш қиындыққа соқпайды. Қоғамдық ұйымның ерекше психологиялық потенциалы да бар, өйткені оның шешімін сатушы ескереді. Егер жеке тұтынушы сотқа дейін талап қойса онда сатушы оны қайтіп болса да алдап жеңемін деп сенеді, ал егер талапты тұтынушының атынан ұйым қойса, онда бұл жерде сатушы мамандармен кезікке-нін түсініп, залалдың орнын сөзсіз толтырады.

Оқытудың техникалық құралдары: интербелсенді тақта

Практикалық (семинар)сабағын оқудың тәртібі, оқыту әдістері мен түрлері: түсіндіру, баяндау, пікіралмасу, сұрақ-жауап

Бақылау сұрақтары: (20 балға дейін)

21 Сертификаттау туралы Заңын айтыңыз.

2. ҚР «Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы» Заңын айыңыз.

СӨЗ және ОБСӨЖ тапсырмалары: Менеджмент жүйесі және мемлекеттік органдар мен олардың функциялары.

Әдебиеттер:

Негізгі әдебиеттер:

1. Мендебаев, Т. М. Стандарттау, метрология және сертификаттау. Алматы. Дәуір, 2011. - 368 с. - ISBN 978-601-217-198-3

2. А.И. Аристов, Т.М. Раковщик. Основы метрологии, стандартизации и сертификации: учебное пособие /. – М., МАДИ 2013. –200 с.

3. Ж.Ж. Есенкұлова, Ж.Ж. Аканова, А.М. Касенова. Стандарттау, сертификаттау және метрология негіздері: Оқу құралы / Алматы: Экономика, 2014.-284 б.

4. Н.П. Пикула, А.А. Бакибаев, О.А. Замараева, Е.В. Михеева, Н.Н. Чернышова. Метрология, стандартизация и сертификация: учебное пособие. Национальный исследовательский Томский политехнический университет. – Томск: Изд-во Томского политехнического университета, 2010. – 185 с.

5. В.В.Сергеев, В.В.Терегера. Метрология, стандартизация, сертификация : Учебник, -М., Изд. Юрайт, 2011, 820с.